



Аягөз ауданының Ақтоғай кенттік округінің Ақтоғай кентінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 наурыздағы N 111 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 20 наурызда N 5-6-157 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 14 мамырдағы N 217 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2012.05.14 N 217 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасын және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Ақтоғай кенттік округінің Ақтоғай кентінде ірі қара малдары арасында құтыру ауруының шығуына байланысты Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аягөз ауданының Ақтоғай кенттік округінің Ақтоғай кентінде ірі қара малдары арасында құтыру ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Аудандық аумақтық ауыл шаруашылық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторына (А. Мұқанов), аудандық санитарлық эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бастығына (Д. Жұмақанов) жеке және заңды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Аягөз ауданының әкімінің орынбасары Е. Қуанышевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Мұхтарханов

Келісілді:

Аягөз аудандық аумақтық
ауыл шаруашылық инспекциясының

